# Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым -тарихшы



*Асфендияров Санжар Жапарұлы*

*(1889-1938)*

*Санжар Асфендияров* - мемлекет қайраткері, тарихшы, профессор, Алматы ұлттық педагогикалық университетінің және Алматы Медициналық университетінің негізін қалаушы және алғашқы ректоры. 1889 ж. Ташкентте дүниеге келген. 1915 ж. Орыс армиясында дәрігер қызметін атқарған. 1917 ж. Бұхара, Ташкент Кеңесінің құрамында болған. 1919-1920 жж. Түркістан КСР Халықтық ДС комиссары, 1920 ж. Түркістан жер-су шаруашылығының комиссары, 1921-1924 жж. Түркістан Орталық Комитетінің мүшесі, 1923-1924 жж. Түркістан Орталық Комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарған. 1927-1928 жж. Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының басшысы, 1928-1931 жж. Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, 1930 ж. Қазақ АКСР Өлкетану бюро орталығының төрағасы, 1931-1933 жж. Қазақ медициналық университетінің ректоры, 1933-1937 жж. Қазақ ғылыми-зерттеу институтының Тарих секторының меңгерушісі болған. С. Ж Асфендияровтың білім және ғылым саласына қосқан үлесі орасан зор. Бүгінгі еліміздің жоғарғы қара шаңырағы санатындағы Абай атындағы ҚазҰПУ 1928 жылы есігін айқара ашты. Оқу орнының ашылуында С.Ж. Асфендияровтың ұйымдастырушылық қызметі айрықша болғанын ұмытпағанымыз абзал. 1930 жылы Қазақ мемлекеттік медициналық университетінің ұйымдастырушысы, оның ректоры міндетін қоса атқарды.

С.Ж. Асфендияров кең ауқымды білімі мен тарихи-әдістемелік зерттеулерін ұштастыра отырып келесі еңбектерін жазды:

- ”История Казахстана с древнейших времен”. - ”Прошлое Казахстана в источниках и материалах”. - «Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане» монография. 1935-1936 жж. С.Асфендияров профессор П.А. Кунтемен бірлесіп «Прошлое Казахстана» атты екі томдық дереккөздер жинағын жарыққа шығарды. Орта мектепке арналған «Қазақстан тарихының очерктері» жарық көрді. С.Ж. Асфендияровтың география саласына қосқан үлесі де зор. Ұлы географиялық ашылулар кезінде басқа әлеммен байлыныссыз болған Орта Азия жерлерінің Атлант мұхитына шығатын құрлық жолдарының ашылуына өз үлесін қосты. Географиялық зерттеулерді оқып біле отырып көшпенділер тұрақтануға көшпейінше, отырықшы мемлекеттерге тәуелді болатындығын айтап кеткен болатын. 1937 жылы С.Ж Асфендияров заңсыз түрде қуғынға ұшырап ақталмаған күйде атылып кетті. 1989 жылы Қазақ ССР министрлер кеңесі С.Ж Асфендияровтың мемлекеттің, қоғамның, педогогика және денсаулық сақтау саласының дамуына қосқан үлесін ескере отырып оның ақталып шығуына атсалысып, өзі негізін қалаған Алматы мемлекеттік медицина университетіне атын беруді ұйғарды. Сонымен қатар, ұлы қоғам қайраткерінің құрметіне ескерткіш тас қойылды.




Асфендияров С. Қазақстан тарихының очерктері.(Оқу құралы).-Алматы, «Санат».1994.-120бет.

Бұл кітап Қазақстан тарихына арналған тұңғыш оқу құралы ретінде 1935 жылы жарық көрген еді. Алайда 1937 жылы С.Аспендияровтың репрессияға ұшырауына байланысты еңбек оқырмандар қолына тимей қалды. Оқу құралында ерте заманнан бастап 1917 жылға дейінгі қазақ елінің тарихы деректі материалдармен және құжаттармен жан-жақты баяндалған. Онда «қазақ» атауыныңшығуыжөнінде, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы туралы кең мағлұмат берілген.

Кітап студенттерге,мамандарға арналған.




Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древних времен). – 2 – е изд.: Учебное пособие. – Алма-Ата:Қазақ университеті,1993. – 304с.

Санджар Асфендиаров стал жертвой репрессий в 1937г. Казахский народ потерял великого ученого. В 1912г. Он окончил Петербургскую военно-медицинскую академию. Кроме родного в совершенстве владел русским, английским, немецким, французским языками, а также восточными. Выдающийся педагог, он в 1926-1928гг.: был профессором Московского университета и ректором Московского института востоковедения.

Асфендияров внес значительный вклад в изучение истории казахского народа. Исследовал историю Казахстана, начиная с древнего периода до революционных событий на Востоке, глубоко изучал историю национального восстания 1916 г. в Казахстане. Автор ряда книг по этим и другим проблемам.

«История Казахстана (с древнейших времен)» рассчитана на массового читателя широко освещает многие вопросы и конкретные проблемы истории.




Айбын.Энциклопедия./Бас ред.Б.Ө.Жақып.-Алматы:«Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.

Ана тілімізде алғаш рет шығарылып отырған «Айбын» әскери энциклопедиясы ел Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының, ішкі және Шекара әскерлерінің қатардағы жауынгерлерінен бастап барлық әскери қызметкерлеріне,Әскери академия,әскери жоғары оқу орындары, училищелердің және Кадет корпусы курсанттарына ,азаматтық жоғары оқу орындарының әскери кафедралары студенттеріне,басқа да арнаулы әскери орта мектеп ұландарына,курстар мен факультет тыңдаушыларына қосалкы оқу құралы есебіндегі ғылыми дерек көзі ретінде ұсынылады.Сондай-ақ мемлекеттік тілді дамытудың бір саласы – әскери терминдер мен сөз-ұғымдарын қалыптастыруды мақсат тұтқан бұл басылым әскери ғылым және тарих саласын зерттеуші мамандарға, ата - бабаларымыздың ерлігін жалғастырушы жалынды жас патриоттар мен елін, жерін сүйетін жас жеткіншек ұрпаққа , барша кітап суйер қауымға арналады.




Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 1 –кітап: Шолпан. – Алматы.: Өнер, 2010. – 352 бет.

«Алаш көсемсөзі» сериясымен жарық көретін 10 томдық бірінші кітабында 1992-1923 жылдары Ташкентте арық көрген «Шолпан» журналының №1,2,3,4 сандары Өзбекстанның мемлекеттік мұрағаттарынын көшіріліп алынды. Онда араб қармімен жариялған материалдар сол қалпында кириллицаға аударылды. Өйткені, алаш қай»раткерлерінің көсемсөз және әдеби мұралары барлық ғылым салалары үшін құнды дереккөз болып саналады. Олардың сол кезде айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өте маңызды.

Бұл еңбек осы саланың зерттеушілеріне, журналистерге, студенттерге және көпшілік




Алаш. Алашорда. Энциклопедия/Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет

Қазақ халқының ұзын-ырға тарихындағы айтулы, белесті кезеңі – ХХ ғасыр басындағы  Алаш қайраткерлерінің соңынан ерген жылдары. Ресми түрде «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі 1917 жылдың соңында құрылғанымен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт көсемдері ғасыр басында-ақ саяси аренаға шықты. Күрескер ұлт зиялылары әсіресе 1913 жылдан бастап Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің маңына топтасып, бағыт-бағдарын айқындап, айтулы саяси күшке айналды.
Кеңес өкіметі жылдарында «жабық» тақырыпқа айналған, есімдері мен еңбектері ескерусіз келген Алаш арыстары туралы еліміз тәуелсіздік алған соң ғана жан-жақты сөз бола бастады: олардың мұралары жарық көрді, зерттеу еңбектер жазылды, есімдері ұлықталды... Бұл жинақ-кітапқа осы кезге дейінгі Алаш зиялылары туралы жарық көрген барша еңбектер сұрыпталып, қорытылып, тиянақталып беріліп отыр.
Кітап ұлт, мемлекет және Отан тарихымен қызығушы барша оқырман қауымға арналған.




Казахстан. Национальная энциклопедия/Гл.ред.Б.Аяган .-Алматы:Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2004 -560 стр.




Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.(Көмекші оқу құралы.) - Алматы, «Санат»,1995.-368бет.

Кітапта ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен ортағасырлық мешеулікке қарсы күресі, Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекет – Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті еңбегі тың деректер негізінде баяндалды.

Кітап студент жастарға ,тарихшы мамандарға,сондай-ақ қалың оқырманға арналған.




Нурмагамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш Орда. Историография проблемы. 1920-1990-е годы ХХ века. – Алматы, 2003.- 153с.

В книге на основе анализа широкого круга исторических и историографических источников представлен процесс накопления и трансформации исторических знаний по проблеме движения Алаш и автономии Алаш-Орды: особенности изучения проблемы в советской историографии, ее основные этапы, принципы; современное состояние и основные методологические и концептуальные аспекты исследования истории движения демократической интеллигенции Казахстана 1-й четверти ХХ века. Книга рассчитана на историков, преподавателей школ и вузов, студентов, всех интересующихся историей Казахстана.




Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. Асфендиярова С. Д. и проф. Кунте П.А. -2-е изд.- Алматы: Қазақстан, 1997. Сб.1;(V в.до н.э.-XVII в.н.э.).-383с.

Сборник содержит материалы, рисующие историю и быт казаков, взаимоотношения казаков с соседними государствами и народами и историю первых десятилетий русской колониальной экспансии на восток. Эти материалы иллюстрируют также любопытную эволюцию сведений иностранцев о Казахстане, уровень этих сведений и степень их достоверности в различные эпохи.

Книга рассчитана на историков, студентов исторических факультетов и квалифицированных краеведов.




«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/Бас ред.Ә. Нысанбаев. – Алматы: « Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 720 бет.

Алаш. Алашорда. Энциклопедия/Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. –с.61-62



«Логика» оқулығын алғаш қазақ тіліне аударды. Осы еңбектері үшін А. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды (1950).

**АСПАНДИЯРОВ** (Асфендиаров) Санжар Жафарұлы (1889, Ташкент – 25.02.1938, Алматы) – мемлекет қайраткері, ғалым, педагог. Әкесі Жафар (Жағыпар, Сейітжағыпар) – сұлтан, Ресей армиясының ген.-майоры шені болған, анасының есімі – Гүләнда. А. Ташкенттегі реалдық уч-щені (1907), Петербург әскери мед. академиясын



*Аспандияров С.*

(1912) бітірді. 1910 ж. С. Лапиннің қызы Рабиғаға үйленді. 1914 – 1915 жж. 1-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1917 ж. Бұхарадағы мұсылман қозғалысына белсене араласты. Сол жылғы қараша айында Түркістан автономиясын («Қоқан автономиясын») жариялаған Мұсылман депутаттарының төтенше съезіне қатысты. 1918 – 19 жж. А. аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның Сырдария обл. бөлімшесін басқарды. 1919 ж. қыркүйекте Т.Рысқұловтың шақыруымен Ташкентке келіп, Түркістан АКСР-інің Денсаулық сақтау халкомы, жер халкомы, Денсаулық сақтау халкомы, Түркістан Компартиясы ОК-нің хатшысы қызметтерін атқарды. Ұлттық-терр. межелену тұсында (1924 – 25 жж.) Ортаазиялық Федерация құру идеясын ұстанды. 1924 – 25 жж. Қазақ АКСР-інің Өзбек АКСР-і үкіметі жанындағы өкілетті өкілі, 1925 – 28 жж. Мәскеуде – БОАК-нің Төралқа мүшесі, хатшысының (А.С. Енукидзенің) орынбасары, МГУ-дің профессоры, Н. Нариманов атынд. Шығыстану ин-тының директоры. 1928 жылдан бастап ол Қазақстанда еңбек етті: Абай атынд. пед. ин-ты болып қайта құрылған Қазақ мемл. ун-тінің алғашқы ректоры (1928 – 31), Қазақ АКСР-і Денсаулық сақтау халкомы, Алматы мед. ин-тының ұйымдастырушысы және тұңғыш ректоры (1931 – 33) болды. А. осы ин-та жалпы химия, биология, физика пәндерімен бірге анатомия, қалыпты физиология, ішкі аурулар, гистология, микробиология, фармакология, биологиялық химия, гигиена бөлімдерін және хирургиялық кафедралар ашты. А. жұқпалы аурулармен күреске, ау-





*С. Аспандияров*

# *АСФЕНДИЯРОВ САНЖАР ЖАПАРҰЛЫ ЖАЙЛЫ ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ КІТАПХАНАСЫНДА ТАНЫСА АЛАСЫЗДАР*